

## Ұлттық ат спорты алаңшасына атау беру туралы

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 3/3 бірлескен шешімі және Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 ақпандағы № 82 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 ақпанда № 6079 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 2, 12 баптарына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 29 қазандағы қорытындысы негізінде, Ордабасы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ордабасы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округінің ұлттық ат спорты алаңшасына Салыбек Сағымбекұлы есімі берілсін.

2. "Ордабасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бірлескен қаулы және шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы бірлескен қаулы және шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Ордабасы ауданы әкімдігі интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Н. Турашбеков*

*Т. Жанысбаев*

*Қ. Әбдіхалық*